

«Панфилов ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 1 сәуіріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебі

1. Жалпы ережелер.

1. «Панфилов ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – аппарат) Панфилов ауданының аумағында АХАТ саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Аппарат мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы заңды, өзінің салалық заңнамалары, Ережесі негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі 51 «б». байланыс тел. номері: 8(72831)5-05-01

2. 2018 жылдың 1 сәуіріне көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

Бөлім жалпы 10 түрлі қызмет көрсетеді. Көрсетілген қызметтер саны барлығы – 1591, оның ішінде;

- Атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу, саны - 6.

Бұл қызмет түрі толығымен Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілді.

- Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу - 213.

- Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру - 1;

- Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру - 347. Бұл қызмет түрі толығымен ХҚКО арқылы көрсетілді.

- Азаматтық хал актілері жазбаларын жою - 0

- Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу -81.

- Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу – 717.

- Неке киюды (ерлі-зайыптылықты) тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу -155. Бұл қызмет түрі жергілікті атқарушы органмен көрсетілді.

- Әке болуды анықтауды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу – 65. Бұл қызмет түрі жергілікті атқарушы органмен көрсетілді.

- Бала асырап алуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу – 6. Бұл қызмет түрі жергілікті атқарушы органмен көрсетілді.

3. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға қол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданы әкімінің аппараты» ММ ХҚКО-ның ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 1 сәуірге көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

Панфилов ауданы әкімі
аппаратының бас маманы



Г.Куатова